

қабілетті болатынына кәміл сенді және осы жолда өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Ұлт ұстазының негізгі өсиетінің бірі — рудың намысы емес, ұлттың намысы үшін басқалардан кемшілік көрмей, әлемдік деңгейдегі ұлттық мемлекет болу үшін қызмет жасау деген ұстанымы бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының тұғыры болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. 1-том / М. Шоқай. — Алматы: Қайнар. — 1998. — 512 б.
2. Нортхаус П. Көшбасшылық: теория және практика / П. Нортхаус. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. — 560 б.
3. Абжанов Х., Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. - Астана: «Ана тіл- Ата тарих», 2007. – 272 б.
4. Қазақ газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. — Алматы: Арыс, 2009. — 450 б.

**ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ М.ДУЛАТОВ – ОТАРЛАУ
САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕР**

Тулесова Д.С.

тарих пәнінің мұғалімі

«Жарық жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қазақстан

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан Алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Сералин, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев т.б. қайраткерлер өздерінің тарихи мәні зор мақалаларында жас ұрпаққа оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты бағыттарын көрсетіп отырды. Олар ұлтқа қызмет жасаудың ерен үлгісін көрсетіп қана қоймай, әрқайсысы айрықша энциклопедиялық білімге ие және өз салаларының нағыз көшбасшылары болды. Патша өкіметінің қысымында болса да Алаш ұлттық зиялы қауымының өкілдері ұлт болашағы алдындағы міндеттерін жақсы түсіне отырып, Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойы мен интеллектуалдық күш-қуатының ғаламат орталығы болған және халық рухын оятудың басты құралы – ел арасында ресми түрде кең тарай алатын, ұлттық идеяны насихаттаудың басты мұраты болып табылған – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Баспасөз құралдары арқылы халықты мектеп ашуға, Ресейдің ішкі өлкелерінен, Қазан мен Уфадан бала оқытатын білікті мұғалімдер шақыруға, оқу үдерісін дұрыс жүргізуге, тәрбие мен өнер үйренудің оң жақтарын насихаттаумен болды.

Қазақ зиялыларының XX ғасыр басында оқу-ағарту саласында ұлт мүддесіне сай, ұлттық деңгейде атқарған істерін жан-жақты зерттеп, зерделеу, олардың іс-тәжірибесін ескеру XXI ғасыр басында, дәл осы салада алдымызда тұрған міндеттерді дұрыс шешуге өз ықпалын тигізуі мүмкіндігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Өйткені, уақыт айырмашылығына қарамастан бұдан жүз жылдай бұрын оқыту, білім беру саласында күн тәртібінде тұрған кейбір проблемалардың бүгінде де алдымыздан шығып отырғандығы өмір шындығы.

XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал негізінен аграрлық, ұлттық және таптық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленді. Сол кезде өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына түптеп келгенде буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру және осылардан туындайтын мақсаттарды жүзеге асыруға жетекшілік жасауға қабілетті ұлттық саяси партия құру сияқты міндеттерді қойды.

Қазақ зиялылары Петербург, Мәскеу, Қазан, Варшава, Сібір қалаларындағы университеттер мен институттарда және Ташкент, Уфа, Омбы қалаларында арнаулы орта білім беретін оқу орындарында білім алды. Жекелеген қазақ жастары Түркия мен Араб елдерінде оқыды.

Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресіне көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпыадамзаттық қазыналар үшін күресті. Тұңғыш қазақ зиялылары XX ғасырдың бас кезеңінен бастап осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді, яғни, бұл істің басы-қасында болып, жалпыұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1920-1930 жылдарындағы тарихында ерекше орын алатын, өз қызметтерінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымда болған ірі саяси қайраткерлердің бірі – Міржақып Дулатұлы болды.

Міржақып (Мир-Якуб) Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Қостанай облысының Сарықопа жерінде дүниеге келген. Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған. 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударып, осы қалада Ахмет Байтұрсынов және Әлихан Бөкейхановпен танысады. Көрнекті қоғам қайраткерлерімен араласуы М.Дулатовтың саяси көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақ зиялыларының ең басты ізгі мақсаты – халқына қызмет ету мақсатын Міржақып Дулатов Бутырск түрмесінен жазған хатында былай деп айқын баяндаған: «мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кеңес өкіметіне қарсы күрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана» [1].

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Ресейде қалыптаса бастаған әр түрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғауынан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген бағдарламалы ой-пікірлер жиынтығы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 1500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген әйгілі Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі). Оның саяси мәнін көрнекті тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев мынада деп біледі: «1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының жаңа санаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен патшаға, орталық билікке петиция жазып, тапсыру түрінде көрінді» [2].

Алғаш баспасөз бетін 1905 жылдың 4 қазанында “Сын Отечества” басылымының 173 санында көрген бұл петиция қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріндегі үлкен оқиға болды. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына тегеурінді серпін берген бұл арыз-тілек туралы М.Әуезов: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицияда аталған сөздер бірінші, жер мәселесі,...екінші қазақ жұртына земство беруді сұраған,...үшінші қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған...Ол күндері қазақ баласының дертті мәселелері осы болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» деп жазды [3].

Қазақ зиялыларының осы бір кезеңдегі іргелі ісін екінші бір қайраткер Т. Рысқұлов былайша бағалады: «Революция 1905 г. дает большой толчок оживлению мысли среди восточных народностей, в том числе и среди казахов. В связи с манифестом 1905 года устраиваются среди казахов митинги и пишутся петиции на тему о религии и земле... Среди казахского населения и казахской интеллигенции еще не было политических партий, а отдельные группы общественных деятелей в той или иной степени примыкали и сочувствовали некоторым политическим партиям, существовавшим тогда в России», - деп жазды [4].

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға мақалалар мен өлеңдер жазып, кітап бастырып, елге тарату түрінде де көрінді.

М.Дулатұлы алғашқы орыс революциясында көрген-білгендерін 1907 жылы Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі жарық көрген «Серке» газетінің 1-ші санында «Жастарға» деген өлеңінде бейнеледі. Бұл газеттің келесі санында «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы шықты, ол өз мақаласында патша өкіметінің саясатын әшкереледі. Газет сандары тәркіленіп, оның ары-қарай шығуына тыйым салынды [5].

Ұлттық мерзімді баспасөзі жоқ, ал жазба әдебиеттің әлі қалыптасып үлгермеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі М.Дулатовтың 1909 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Оян, қазақ!» еңбегі болды.

Бұл кітап, қазақ зиялыларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсылығы, соның ішінде қазақ жерлеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруға қарсылығы деп бағаланды. 1910 жылы екінші басылып жарық көрген «Оян, қазақ» көп ұзамай халық оқуға тиісті емес зиянды шығармалар қатарына жатқызылып, «тұтқынға» алынды.

«Оян, қазақ» шыққанға дейін Омбы уезі, Қорған болысындағы ауыл мектебінде мұғалімдік жұмыста жүрген М.Дулатов 1909 жылы қазан айында Ақмола облысындағы Петропавл қаласына келіп, алдымен қалалық мұсылмандар кітапханасы – оқу залының меңгерушісі, соңынан соттың хатшысы қызметінде жұмыс жасайды. Тексеру ісін жүргізу барысында Қазан қаласындағы баспа ісі бойынша Уақытша Комитетке қайтарылып, «Оян, қазақ!» қаншалықты заңға сәйкес екендігін сұрайды. Уақытша Комитет 1911 жылғы 8 қарашада берген жауабында «Оян, қазақ!» - ты қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тыйым салуға және оның авторы М.Дулатовты Қылмысты Істер Заңының 128 және 129 баптарына сәйкес жауапқа тартуын сұрайды [2]. Бұл шешімді негізге ала отырып, Семей округтік соты М.Дулатовты Қылмысты істер Заңының 129 бабының 6 тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады. Сот жайынан хабары бар Міржақып Дулатұлы 1912 жылдың басында ісін қайта қарағанда Семей округтік соты 18 қаңтарда 2000 соммен кепілдікке шығуға құқы бар деген шешім жасапты.

М.Дулатовтың абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалысының өкілдері оған араша түсу әрекетін жасады. Мысалы, 1912 жылғы қаңтарда Бұғылы болысынан Сман Бегімбетов пен Абыралы болысынан Белгібай Алдабергенов келесі күні-ақ залогқа екі мың сом ақша төлеп шығарып алады. Бірақ, құрығы ұзын патша жандермериясы «Семейден ұрланып шыққан Міржақып Дулатовтың Петропавлда ұсталғаны және оның этаппен бері қарай аттандырылғаны жөнінде Петропавл полицмейстері 12 февральдағы телеграммасымен хабардар еткен» (5/361) [6].

Абақтыда Міржақып 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шықты. Шыққан бетте, яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келді. Оған себеп болған сол кездегі қазақ облыстарындағы қалыптасқан саяси жағдай еді. М.Дулатов бұдан былайғы уақытта қазақ облыстарында жүріп, қоғамдық-саяси қызметпен айналысу мүмкін еместігін жақсы түсінді.

Сонымен, шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ зиялыларының отаршыл әкімшілікпен

бетпе-бет келген күресінің алғашқы кезеңі осылай аяқталды. Бұл күресте екі жақтың күші тең емес еді, соған қарамастан ұлттық интеллигенция өзінің негізгі мақсатынан – ұлттық тәуелсіздікке жету идеясынан бас тартқан жоқ. Сонымен қатар осы кезеңде жаңа қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы-жалпыұлттық саяси басылымды ұйымдастырды. Ол «Қазақ» газеті еді. 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында «Қазақ» газетінің бірінші саны жарық көрді. Газет редакторы болып – қазақтың белгілі ағартушысы әрі ғалымы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы және жауапты хатшысы – Міржақып Дулатов, редколлегияның кеңесшісі – Әлихан Бөкейханов болып тағайындалды.

«Қазақ гезеті» апталық басылым болып шықты. 1913 жылғы ақпаннан 1918 жылғы қаңтарға дейінгі кезең ішінде 3000 дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді. Жекелеген нөмірлері 8000 данаға дейін жететін таралыммен шықты. «А.Байтұрсыновтың шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында,- деп жазды М.Дулатов, - жоқтан барды жасаған деуге болатын және патшалық-полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың үлкен қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8000-нан асты». Редакциялық алқа 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, басқа да бірқатар қалалардағы, сондай-ақ Түркия мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрды [1].

Ұлттық интеллигенция отарлық езгіге қарсы ірі саяси оқиғаның бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында қазақ халқын аман-сау сақтап қалудың жолдарын іздеп, патша үкіметі мен халықтың арасында ымыраға келу саясатын ұстанды. Азамат соғысы кезінде әскери соғыс істеріне ақыл – кеңес беріп, соғыс зардабынан түрлі азап шегіп, ашаршылық пен ауруға ұшыраған қазақ халқына азық-түлік пен медициналық көмек ұйымдастырды.

1917 жылғы ақпан төңкерісі қазақ даласын дүр сілкіндірді. Патшалық билікті құлатқан Ақпан төңкерісі әкелген зор өзгерістерді, сапында М.Дулатов та бар, ұлт зиялылары үлкен құлшыныспен қарсы алды. Қазақ халқы бұл хабарды жақсылықтың жаршысы ретінде қабылдады. 1917 жылы ақпан революциясы жеңіп патша билігі құлағаннан кейінгі уақытта қазақ ұлттық интеллигенциясының қызметінде мүлдем жаңа кезең басталды. Енді тарих оның иығына ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес жүгін артқан еді.

Ақпан төңкерісі жүзеге асты. Халықтың тілегі қабыл болып, патша тағынан тайды. Осы қуанышты хабарды естіген бойда Б.Әлихан мен Д.Міржақып дереу Петербургке аттанды. Ондағы буырқанған халық қозғалысының қалың ортасында болып, бостандықтың туын көтерісті, бұқара халықтың еркіндік, теңдік тілеген ұрандарына үн қосты. Астанадағы төңкеріс рухын алып, жігерлері тасыған бойымен олар елге қайтты.

Ақпан революциясы жеңгеннен кейін алғашқы күндерінде Қазақ жерінде инициатива сол бұрынғыдай «Қазақ» газеті басқармасына біріккен топта екендігін, олар бұл кезде бар тыныс-тіршілігімен майдандағы жігіттермен бірге болатындығын, жаңа қалыптасқан саяси жағдайда ұлттық интеллигенцияның негізгі міндеттерін анықтауда солардың өз мойнына алғанын байқаймыз.

«Қазақ» газетінде 1917 жылғы 223-санында Минскідегі бұратана бөлімде жүрген Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Есболов, Т.Жаманмұрынов бастаған барлығы он бес қазақ интеллигенттерінің Қазақстаннан барлық негізгі орталықтарына белгілі бір адамдардың аттарына жолдаған жеделхат текстісін жариялайды. Жеделхат жолдаған адресстер мен адамдардың арасында, мәселен, Черняевта, М.Тынышбаев, Петропавлдағы Көсемісов, Тлеулин, Омбыдағы А.Тұрлыбаев, Павлодарда Ә.Сәтбаев, Семейдегі Мәсенов, Т.Құнанбаев, Қарқаралыдағы Ж.Ақбаев, С.Бөкейханов, Х.Ақаев, Ойылдағы Х.Досмұхамедов, Ырғыздағы Т.Шонанов, Қокандағы Ақаев, Әндіжандағы Қожықов, Торғайдағы Алмасов, Қаралдин, Тоқтабаев және басқа қазақ зиялылары бар еді.

Жеделхатта: «Ресейдегі барша халыққа ағайындық теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір балаларға керек. Учредительное Собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Консерлік жұмыстарың - бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер. Біз қалайтын патшалық түрі - демократическая республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі. Түзулікпен іс істеңдер, жаңа үкіметті сүйендер, министрствоның азық-түлік ісінде жүрген уполномоченныйлары мен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысындар!» [5].

Бұл келтірілген жеделхаттан, оның авторының саяси айқындамасы анық көрініп тұрғандығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ал ол айқындама, біріншіден, халықты жаңа билікке толық қолдау көрсетуге шақыру болса, екіншіден, сол билікті қолдау арқылы, соның шеңберінде ұлт тағдырына қатысты негізгі зәру мәселелерді шешіп алудан үміттену еді. Басқаша айтқанда қазақ зиялылары ешқандай да мүдірместен, ескі феодалдық монархиялық құрылыстың орнына келген буржуазиялық биліктің жағына шықты. Оның мұндай айқындама алуына тек шыққан әлеуметтік тегімен, сондай-ақ сол уақытқа дейінгі жалпыресейлік либералдық күштермен жақын келуімен байланыстырсақ, әрине, тым бір жақтылыққа ұрынар едік. Ұлттық зиялылардың мұндай бағытты ұстануы, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін, бірінші кезекте тұрған нәрсе, әрине, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық бостандықты өз қалпына алу еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы бұл мақсатқа толық болмаса да, «алғашқы кезеңде жарым-жартылай, яғни империя шеңберіндегі ұлттық автономияға жалпыресейлік демократиялық күштермен бірге отырып қол жеткізуге болады» деп түсінді. Ресейден бірден бөлініп кетуді мақсат етіп қоюға қазақ қоғамы әзір емес деп білді [6].

М.Дулатов пен А.Байтұрсынов есімдері Алашорда үкіметімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін зерттеу өте күрделі. Себебі зерттеу нысанасының ауқымы өте кең және тым қайшылықты. Сол себептен қайраткерлердің өмір сүріп, қызмет еткен кезеңдегі аса күрделі тарихи құбылыстар мен саяси оқиғаларға барынша терең үңілуге тура келеді.

А.Байтұрсынов пен М.Дулатов XX ғасырдың басынан 30 жылдардың соңына дейін саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді, сол үшін 1907 жылдан бастап А. Байтұрсынов, ал 1911 жылдан бастап М.Дулатов қуғынға ұшырап, бас бостандығынан айырылып, кейін қазақ даласынан тысқары жерлерге жер аударылды және оларға «саяси сенімсіз» деген айдар тағылып үнемі патша үкіметінің бақылауында болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары ұлт болашағын ойлап, Алаш зиялыларының бір тобы Кеңес үкіметі жағына өтті. М.Дулатов Кеңес үкіметі жылдарында «Ақ жол» газетінің редакторы болып тағайындалып, өзінің мақалаларында қазақ тілін сақтауды, оған бостандық пен теңдік беруді талап етті. Заманында ұлт азаттығы жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен зиялыларымыздың ел тұтастығы мен дамуы жолында жер, су, оқу-ағарту ісі, тіл мәселелерін алға тартып, «Алаш бағдарламасын» құрып, жалпы қазақтардың съезін шақырулары қоғам дамуының ілгерілеуіне, болашақ тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалауға айтарлықтай зор үлес қосты. Кешегі Алаш автономиясы мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстан саясатындағы ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекет тұрақтылығын қамтамасыз ету ұрпақтар сабақтастығының айқын дәлелі болып табылады.

Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялыларымыздың есімдері, ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық - саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихында ерекше орын алып, зор тарихи маңызға ие болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Бейсенбекова Н.А. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы // ҚарМУ хабаршысы. №3. 2010 ж.

- 2 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. -Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
3 Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. -Алматы, 2007. – 295 б.
4 Рысқұлов Т. Избранные труды. -Алма-Ата, Казахстан, 1984. – 259 с.
5 Жұмабаев Н. Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды. // Қостанай таңы. 24 қараша, 2004 ж.
6 Кәкішұлы Т. «Оян, қазақ!» қалай қуғындалды? // Егемен Қазақстан. 7 қыркүйек, 2005 ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

*Шахаев А.Ж.
Қазақстан тарихы және ҚХА
кафедрасының аға оқытушысы
педагогика ғылымдарының магистрі,
Орынбекова Р.Ж.
археология, этнология және Отан
тарихы кафедрасының оқытушы
педагогика ғылымдарының магистрі
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды Университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы - ХХ ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің бірі. Ол өзінің барлық білімін, күш-жігерін және өмірін Қазақстанның тәуелсіздігі үшін, туған халқының рухани жаңаруы үшін күреске арнады. Қазақ зиялыларының басқа да көрнекті өкілдерімен қатар ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт – азаттық қозғалыстың көсемі - Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937ж.) қазіргі Қостанай облысы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетіне сыншы, публицист, әдебиет тарихшысы, аудармашы және педагог ретінде елеулі үлес қосты. Шығармашылық қызметін ол фабулист ретінде бастады. «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) шығармаларында бос әурешілік, жалқаулық, надандық, көргенсіздік секілді адамның кемшіліктері мазақ етіледі. Реформаланған әліпбиі бар алғашқы қазақ әліпбиінің құрастырушысы болды. Сондықтан оның туған күні Қазақстан халықтарының тілдері күні болды. Абайдың ағартушылық және сыни дәстүрлерін жалғастыра және дамыта отырып, «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жазып, қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Автор «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Ер Сайын» (1923), «Әліпби» (1924), «Жаңа Әліпби» (1926), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926), «23 жоқтау» (1926) және т.б. әдеби-ғылыми еңбектер жазған. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері "Қырық мысал" атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды.